**«ҚазТрансГаз» АҚ**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

*2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша және аяқталған алты ай үшін*

## МАЗМҰНЫ

**Бет**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексеру нәтижелері туралы есеп

**Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)**

Қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп ....................1-2
Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есеп....................3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есеп....................4-6
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есеп....................7
Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер (аудит жүргізілмеген) .......... 8-33

Building a better working world

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

# Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексерудің нәтижелері туралы есеп

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның Акционері мен Басшылығына

***Кіріспесі***

Біз «ҚазТрансГаз» АҚ-ның және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі «Топ») қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есептен, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған алты айлық кезең үшін жиынтық кіріс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражатының қозғалысы туралы тиісті аралық қысқартылған шоғырландырылған есептерден және ескертпелерден тұрады. Компания басшылығы 34 ХҚЕС (IAS) «*Аралық қаржылық есептілік*» (34 ХҚЕС (IAS)) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің міндетіміз жүргізілген шолып тексерудің негізінде осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік жөнінде қорытынды жасау болып табылады.

***Тексеру көлемі***

Біз шолып тексерулерге қолданылатын 2410 *«Ұйымның тәуелсіз аудиторы жүргізетін аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру»* Халықаралық стандартына сәйкес сәйкес шолып тексеруді жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге персоналдың, ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты қызметкерлердің арасында сауалнама жүргізу, сондай-ақ шолып тексеруге байланысты талдау және өзге де рәсімдерді орындау кіреді. Шолып тексерудің шеңберінде орындалатын рәсімдер көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудитті жүргізу кезіндегіге қарағанда айтарлықтай аз болғандықтан, бұл аудитті жүргізу барысында анықталуы мүмкін барлық елеулі фактілерді анықтағандығымызға қажетті сенімділікті ұялатуға мүмкіндік бермейді. Тиісінше біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

A member firm of Ernst & Young Global Limited

Building a better working world

***Тұжырым***

Жүргізілген шолып тексеруіміздің барысында біз қоса беріліп отырған «ҚазТрансГаз» АҚ-ның аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі 34 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес барлық елеулі аспектілерде дайындалмағанына жорамал жасауға мүмкіндік беретін фактілерді анықтамадық.

Ernst & Young LLP

Бахтиёр Эшонкулов
Аудитор

Аудиторлық 2012 жылғы 27 тамыздағы
№ МФ−0000099 біліктілік куәлігі

Евгений Жемалетдинов
Бас директор

Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ – 2, № 0000003, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген

2014 жылғы 22 шілде

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша**

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Материалдық емес активтер | | **1.502.496** | 1.250.331 |
| Негізгі құралдар | 4 | **437.534.389** | 419.069.759 |
| Газ активтері | | **22.336.235** | 21.672.046 |
| Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар | 5 | **56.168.326** | 94.035.381 |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар | | **16.500.797** | 15.205.244 |
| Банктердегі салымдар | 8 | **27.249.664** | 5.830.660 |
| Пайдалануда шектелген ақша қаражаты | 8 | **4.154.052** | 2.557.997 |
| Өтеуге ҚҚС | | **8.790.115** | 6.671.584 |
| Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер | | **289.557** | 446.115 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер | | **1.257.186** | 1.440.359 |
| | | **575.782.817** | 568.179.476 |
| **Ағымдағы активтер** | | | |
| Тауар-материалдық қорлар | 6 | **19.054.975** | 22.698.641 |
| Сауда және өзге де дебиторлық берешек | 7 | **45.034.793** | 47.587.681 |
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар | 5 | **15.957.980** | 57.101 |
| Берілген аванстар | | **2.024.950** | 3.427.983 |
| Өтелетін салықтар | | **15.355.431** | 13.944.806 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **5.462.476** | 4.402.555 |
| Банктердегі салымдар | 8 | **28.523.579** | 11.481.155 |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 9 | **24.622.080** | 10.532.914 |
| | | **156.036.264** | 114.132.836 |
| **Активтер жиыны** | | **731.819.081** | 682.312.312 |
| **Капитал және міндеттемелер** | | | |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 10 | **156.156.985** | 144.011.655 |
| Қосымша төленген капитал | 10 | **14.161.278** | 7.369.647 |
| Шетел валютасын қайта есептеу бойынша резерв | | **584.103** | 154.457 |
| Бөлінбеген пайда | | **230.904.088** | 283.100.106 |
| | | **401.806.454** | 434.635.865 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 11 | **107.200.002** | 82.527.839 |
| Пайыздық қарыздар | 12 | **15.145.178** | 5.990.952 |
| Төленуге жататын ұзақ мерзімді вексельдер | | **–** | 845.493 |
| Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | | **2.908.551** | 2.651.942 |
| Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек | | **105.925** | 103.058 |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | | **5.611.354** | 6.371.972 |
| Резервтер | 13 | **3.271.299** | 2.244.917 |
| Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер | | **24.119.169** | 23.251.529 |
| | | **158.361.478** | 123.987.702 |

*8-33 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажыратылмас бөлігі болып табылады.*

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

**2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша**

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 11 | **1.130.809** | 675.692 |
| Пайыздық қарыздар | 12 | **60.552.631** | 33.048.047 |
| Төленуге жататын вексельдер | | **3.538.661** | – |
| Резервтер | 13 | **49.249.784** | 28.035.362 |
| Сауда және басқа да несиелік берешек | 14 | **34.998.027** | 41.258.744 |
| Газ қарыздары бойынша берешек | 15 | **9.028.663** | 5.744.418 |
| Төленуге жататын салықтар | | **416.741** | 1.229.797 |
| Төленуге жататын табыс салығы | | **1.977.802** | 2.324.575 |
| Алынған аванстар | 16 | **4.041.647** | 3.299.086 |
| Өзге ағымдағы міндеттемелер | 17 | **6.716.384** | 8.073.024 |
| | | **171.651.149** | 123.688.745 |
| **Капитал мен міндеттемелер жиыны** | | **731.819.081** | 682.312.312 |

Экономика және қаржы жөніндегі Бас директордың орынбасары _______________ *Д.А. Кушеров*

Бас бухгалтер _______________ *Т.К. Алтыбаева*

ХҚЕС және басқарушылық есептілік департаментінің директоры _______________ *Г.С. Тупенова*

*8-33 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажыратылмас бөлігі болып табылады.*

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін**

| | | **30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)** | |
|---|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | **Ескерт.** | **2014 жыл** | 2013 жыл |
| Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен кірістер | 18 | **173.062.689** | 149.395.193 |
| Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны | 19 | **(138.556.126)** | (97.397.613) |
| **Жалпы пайда** | | **34.506.563** | 51.997.580 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 20 | **(10.060.828)** | (8.411.957) |
| Өзге де операциялық кірістер | 21 | **4.165.631** | 2.531.347 |
| Өзге де операциялық шығыстар | 21 | **(3.924.351)** | (1.786.481) |
| **Операциялық қызметтен болған пайда** | | **24.687.015** | 44.330.489 |
| Қаржылық кірістер | 22 | **953.979** | 697.211 |
| Қаржы шығындары | 22 | **(9.207.151)** | (3.379.666) |
| Бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы/(шығынындағы) үлесі | 5 | **(38.296.701)** | 10.947.868 |
| Еншілес ұйымның шығуынан болған шығын | | **–** | (8.256) |
| Теріс бағамдық айырма, нетто | | **(14.773.832)** | (422.712) |
| **Салық салынғанға дейінгі (шығын)/пайда** | | **(36.636.690)** | 52.164.934 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 23 | **(7.237.516)** | (8.406.348) |
| **Салық салынғаннан кейінгі кезең үшін таза (шығын)/пайда** | | **(43.874.206)** | 43.758.586 |
| **Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны** | | **(43.874.206)** | 43.758.586 |
| **Өзге жиынтық кіріс** | | **429.646** | – |
| Шетелдік кәсіпорындардың есептілігін қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер | | **429.646** | – |
| **Кезеңде салықтарды шегергенде жиынтық кіріс жиыны** | | **(43.444.560)** | 43.758.586 |

Экономика және қаржы жөніндегі Бас директордың орынбасары — *Д.А. Кушеров*

Бас бухгалтер — *Т.К. Алтыбаева*

ХҚЕС және басқарушылық есептілік департаментінің директоры — *Г.С. Тупенова*

*8-33 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажыратылмас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін**

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) 2014 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| Салық салынғанға дейінгі (шығын)/пайда | | (36.636.690) | 52.164.934 |
| **Мыналарға түзетулер** | | | |
| Тозу және амортизация | | 13.661.844 | 11.581.215 |
| Қаржылық шығындар, нетто | 22 | 8.253.172 | 2.682.455 |
| Бірлескен кәсіпорындардың шығынындағы/(пайдасындағы) үлесі | 5 | 38.296.701 | (10.947.868) |
| Газды тасымалдау шығыстарына резервті есептеу | | 20.479.137 | 1.238.150 |
| Қызметкерлердің пайдаланылмаған демалыстары мен сыйлықақылары бойынша резервті есептеу | | 1.238.680 | – |
| Күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервті есептеу | | 315.865 | 162.803 |
| Өзге де резервтердегі өзгеріс | | (135.706) | – |
| Болашақ кезеңдер кірістерінің амортизациясы | | (958.470) | – |
| Қызметкерлерге берілген тұрғын үй өтемақыларының амортизациясы | | 179.800 | – |
| Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді өткізуден болған залал | | 236.492 | 227.693 |
| Теріс бағамдық айырма | | 19.239.173 | 765.080 |
| Газ қарыздарының операциялары бойынша шығын | | 1.548.774 | – |
| Негізгі құралдардың құнсыздануы | | 182.532 | 450.138 |
| Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | | 149.073 | 164.202 |
| Еншілес ұйымның шығуынан болған шығын | | – | 8.256 |
| Газды іріктеу лимитінен асқаны үшін айыппұл резервін қайтару | 20 | – | (263.771) |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша айыппұл резервін қайтару | 20 | – | (159.888) |
| **Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен ақша ағымдары** | | 66.050.377 | 58.073.399 |
| Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс | | 2.916.240 | 726.557 |
| Сауда және басқа да дебиторлық берешектегі және басқа да ағымдағы активтердегі өзгеріс | | 1.799.455 | 9.154.452 |
| Берілген аванстардағы өзгеріс | | 1.403.033 | (1.639.948) |
| Өтеуге жататын салықтардағы өзгеріс | | (3.536.463) | (230.162) |
| Сауда және өзге де несиелік берешектегі өзгеріс | | (9.826.761) | (7.713.062) |
| Газ қарыздары бойынша берешектегі өзгеріс | | 3.395.673 | (3.881.209) |
| Төленетін салықтардағы өзгеріс | | (813.056) | (734.355) |
| Алынған алғытөлемдердегі өзгеріс | | 742.561 | 375.535 |
| Өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс | | (3.209.773) | (2.928.253) |
| Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс | | (66.907) | 29.371 |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының түсімі** | | 58.854.379 | 51.232.325 |
| Төленген пайыздар | | (4.346.793) | (3.286.525) |
| Төленген табыс салығы | | (7.538.727) | (4.338.100) |
| Банк салымдары бойынша алынған пайыздар | | 583.521 | 307.284 |
| **Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағымдары** | | 47.552.380 | 43.914.984 |

*8-33 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажыратылмас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) 2014 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|---|
| **Инвестициялық қызметтен ақша ағындары** | | | |
| Банк салымдары | | **(37.477.720)** | (3.190.575) |
| Пайдалануда шектелген ақша қаражатын орналастыру | | **(1.596.055)** | 1.280 |
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар | | **(15.900.879)** | – |
| Байланысты тараптар өтеген пайызсыз қарыздар | | **–** | 19.503.074 |
| Негізгі құралдар мен газ активтерін сатып алу | | **(15.510.912)** | (18.234.445) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | **(17.310)** | – |
| Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсім | | **420.043** | – |
| Еншілес ұйымды сатудан түскен түсімдер | | **–** | 59.000 |
| Еншілес ұйымның ақша қаражатының шығуы | | **–** | (107.232) |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар | | **(4.522.390)** | (3.576.551) |
| **Инвестициялық қызметке пайдаланылған таза ақша ағыны** | | **(74.605.223)** | (5.545.449) |
| **Қаржылық қызметтен түскен ақша ағымдары** | | | |
| Банк қарыздары бойынша түсімдер | | **103.882.582** | 40.502.158 |
| Банк қарыздарын өтеу | | **(62.740.573)** | (51.350.084) |
| Акционерге бөлу | | **–** | (50.000) |
| **Қаржылық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақша ағымдары** | | **41.142.009** | (10.897.926) |
| Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс | | **14.089.166** | 27.471.609 |
| Кезең басындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары | 9 | **10.532.914** | 7.714.266 |
| **Кезең соңындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары** | 9 | **24.622.080** | 35.185.875 |

## АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР – АҚПАРАТТЫ ҚОСЫМША АШЫП КӨРСЕТУ

Мына елеулі ақшасыз операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есептен алынып тасталды:

### Құбырларды беру

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін Топ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-нан сенімгерлік басқаруға 6.791.631 мың теңге жалпы сомаға негізгі құралдарды алды. 2014 жылғы 29 мамырда Топ 3.823.518 мың теңге сомасына Батыс Қазақстан облысында орналасқан газ құбырларын сенімгерлік басқару шартын жасады. Сондай-ақ Топ өтеусіз негізде 197.852 мың теңге сомасына негізгі құралдарды алды (2013 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін: 197.591 мың теңге).

### Негізгі құралдарды жеткізу бойынша кредиторлық берешек

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін 2.020.137 мың теңге сомасына негізгі құралдардың түсімі кредиторлық берешекті ұлғайту есебінен қаржыландырылды (2013 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін: 3.242.780 мың теңге).

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

## АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР – АҚПАРАТТЫ ҚОСЫМША АШЫП КӨРСЕТУ (жалғасы)

**Қарызға алынған газды қайтару**

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қарызға алынған газ бойынша берешек 5.744.418 мың теңге сомасына 439.954 мың текше метрді құрайды. 2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін Топ 17.817.131 мың теңге сомасына 712.340 мың текше метр газ алды және 14.343.816 мың теңге жалпы сомаға 573.475 мың текше метр жалпы көлемде газды қайтарып берді. Газдың әділ құнының қайта есептелуін ескере отырып 2014 жылғы 30 маусымдағы берешек 578.820 мың текше метр көлемінде 9.028.663 мың теңгені құрайды.

**Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар**

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін 3.216.167 мың теңге сомасына негізгі құралдардың түсімі 2013 жылы берілген алғытөлемдер арқылы қаржыландырылды (2013 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін: 2012 жылы берілген алғытөлемдер арқылы 1.774.075 мың теңге).

**Тауар-материалдық қорларды аудару**

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін 824.205 мың теңге сомасына қорлар негізгі құралдардың құрамына аударылды (2013 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін: 5.018.589 мың теңге).

**Газ құбырларын жою бойынша міндеттеме**

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін Топ 858.094 мың теңге жалпы сомаға ұңғымаларды, газ құбырларын жою және қоршаған ортаны қалпына келтіру бойынша активтерді мойындады.

Экономика және қаржы жөніндегі Бас директордың орынбасары ________ *Д.А. Кушеров*

Бас бухгалтер ________ *Т.К. Алтыбаева*

ХҚЕС және басқарушылық есептілік департаментінің директоры ________ *Г.С. Тупенова*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

**2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін**

| *Мың теңгемен* | Жарғылық капитал | Қосымша төленген капитал | Шетел валютасын қайта есептеу бойынша резерв | Бөлінбеген пайда | Капитал жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| **2013 жылдың 1 қаңтарына (аудит жүргізілген)** | 139.917.435 | 10.880.713 | 5.860 | 233.347.907 | 384.151.915 |
| Кезеңдегі таза пайда | – | – | – | 43.758.586 | 43.758.586 |
| **Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны** | – | – | – | 43.758.586 | 43.758.586 |
| Акциялар шығарылымы *(10-ескертпе)* | 4.094.220 | (4.094.220) | – | – | – |
| Акционердің тарапынан жарна *(10-ескертпе)* | – | 583.154 | – | – | 583.154 |
| Акционерге бөліп беру *(10-ескертпе)* | – | – | – | (50.000) | (50.000) |
| **2013 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | 144.011.655 | 7.369.647 | 5.860 | 277.056.493 | 428.443.655 |
| **2014 жылдың 1 қаңтарына (аудит жүргізілген)** | **144.011.655** | **7.369.647** | **154.457** | **283.100.106** | **434.635.865** |
| Кезеңдегі таза шығын | **–** | **–** | **–** | **(43.874.206)** | **(43.874.206)** |
| Шетел валюталарын қайта есептеу | **–** | **–** | **429.646** | **–** | **429.646** |
| **Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны** | **–** | **–** | **429.646** | **(43.874.206)** | **(43.444.560)** |
| Акциялар шығарылымы *(10-ескертпе)* | **12.145.330** | **(3.823.518)** | **–** | **–** | **8.321.812** |
| Акционердің тарапынан жарна *(10-ескертпе)* | **–** | **10.615.149** | **–** | **–** | **10.615.149** |
| Акционерге бөлу | **–** | **–** | **–** | **(8.321.812)** | **(8.321.812)** |
| **2014 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **156.156.985** | **14.161.278** | **584.103** | **230.904.088** | **401.806.454** |

Экономика және қаржы жөніндегі Бас директордың орынбасары ______ *Д.А. Кушеров*

Бас бухгалтер ______ *Т.К. Алтыбаева*

ХҚЕС және басқарушылық есептілік департаментінің директоры ______ *Г.С. Тупенова*

*8-33 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажыратылмас бөлігі болып табылады.*

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

**2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін**

## 1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ

**Топ**

Қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке «ҚазТрансГаз» АҚ-ның (бұдан әрі «Компания» немесе «ҚТГ») және оның еншілес ұйымдарының (бірлесіп «Топ» деп аталады) қаржылық есептілігі кіреді.

ҚТГ Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі «Үкімет») 2000 жылғы 5 ақпандағы № 173 Қаулысының негізінде бекітілген және 2000 жылғы 13 наурыздағы жабық акционерлік қоғам күйінде тіркелген акционерлік қоғам болып табылады. 2004 жылғы 9 маусымда Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам болып қайта тіркелді. Топтың бас кеңсесі Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19 мекенжайы бойынша орналасқан.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі «ҚазМұнайГаз») ҚТГ-ның жалғыз акционері болып табылады. ҚазМұнайГаз-дың жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ (бұдан әрі «Самұрық-Қазына») арқылы Үкімет болып табылады және «ҚазМұнайГаз» бен «Самұрық-Қазына»-ның барлық еншілес ұйымдары Компанияның және Топтың байланысты тараптары ретінде қарастырылады *(24-ескертпе)*.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі № 914 Қаулысына сәйкес «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы газ және газбен қамсыздандыру саласында ұлттық оператор болып анықталды. Топтың ұлттық оператор ретіндегі негізгі міндеті Қазақстанның тауар газындағы ішкі мұқтаждықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына мыналар кіреді:

- Қазақстанда магистральды құбырлардың газ көлік жүйелерін жалпы дамыту үшін инвестициялық қызметті басқару;
- Қазақстанда газ кеніштерін әзірлеу үшін инвестициялық қызметті басқару;
- газ өнеркәсібінде жобаларды зерттеу және әзірлеу бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету;
- шетелдік және жергілікті нарықтарда газды өткізу;
- газ өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және ендіру бағдарламасына қатысу.

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға Компанияның Экономика және қаржы жөніндегі Бас директордың орынбасары, Бас бухгалтері мен ХҚЕС және басқарушылық есептілік департаментінің директоры 2014 жылғы 22 шілдеде бекітті.

**Көмірсутектерді барлау және өндіру**

2000 жылғы желтоқсанда Топ Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен Жамбыл облысының, Оңтүстік Қазақстан Аманкелді, Анабай, Айрақты және Құмырлы газ кеніштерін қоса алғанда, Солтүстік Үшарал, Үшарал-Кемпіртөбе аумақтарында, сондай-ақ XXXIII-48, XXXIII-49, XXXIV-49, XXXIV-50, XXXIV-51, XXXV-50 блоктарында көмірсутектерді барлау және өндіру жұмыстарын жүзеге асыруға арналған Келісімшартқа (бұдан әрі «Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт») қолын қойды. Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттың қолданылу мерзімі 31 жылды құрайды. 2003 жылғы қарашада Топ Аманкелді кенішінде газды өндіруді және өткізуді бастады.

Көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарттың талаптары бойынша Топтың, егер көмірсутектің коммерциялық тиімді қорлары анықталмаған жағдайда, өзінің кез келген келісімшарттық аумағынан бас тартуға құқығы бар.

**ИОА мен Үкімет арасындағы шарт**

Компанияның 100% еншілес ұйымы болып табылатын «Интергаз Орталық Азия» АҚ (бұдан әрі «ИОА») ИОА мен Үкімет арасында қол қойылған Шартқа сәйкес (бұдан әрі «Шарт» немесе «Концессия шарты») Қазақстан Республикасында магистральды газ құбырларының желісін басқарады. ИОА 2000 жылы алдыңғы оператордан Шартта үлесті алды. Шартқа сәйкес ИОА ИОА шарт мерзімін тағы 10 жылға ұзарту мүмкіндігімен магистральды газ құбырларының желісін 2017 жылғы 14 маусымға дейін басқаруға және қызмет көрсетуге міндетті, содан кейін олар Үкіметке берузі тиіс.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ (жалғасы)

### ИОА мен Үкімет арасындағы шарт (жалғасы)

Компанияның 100% еншілес ұйымы болып табылатын «Интергаз Орталық Азия» АҚ (бұдан әрі «ИОА») ИОА мен Үкімет арасында қол қойылған Шартқа сәйкес (бұдан әрі «Шарт» немесе «Концессия шарты») Қазақстан Республикасында магистральды газ құбырларының желісін басқарады. ИОА 2000 жылы алдыңғы оператордан Шартта үлесті алды. Шартқа сәйкес ИОА ИОА шарт мерзімін тағы 10 жылға ұзарту мүмкіндігімен магистральды газ құбырларының желісін 2017 жылғы 14 маусымға дейін басқаруға және қызмет көрсетуге міндетті, содан кейін олар Үкіметке беруі тиіс.

2012 жылғы 31 мамырда ИОА Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінен (бұдан әрі «Комитет») сенімгерлік басқару шартын 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін қол қою ұсынысымен Шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы хатты алды. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату мәселесін Комитет Самұрық-Қазына арқылы 2012 жылы Шарт бойынша активтерді Топ меншігіне келешекте бере отырып көтерді. Жауап ретінде ҚазМұнайГаз Шарттың бұзылуын мезгілсіз деп есептейтіндігін хабарлады, өйткені Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар шетелдік кредиторлармен келісілуі тиіс. Қазіргі уақытта Басшылық шетелдік несие берушілермен Шартты бұзуға арналған мақұлдауын алу үшін келіссөздер жүргізуде.

Сонымен бірге, 2012 жылғы 30 шілдеде Комитет пен ИОП 2011 және 2012 жылдардағы Шарт бойынша шығыстарға қатысты Концессия шартына толықтыруға қолдарын қойды.

### Еншілес кәсіпорындар

2014 жылғы 30 маусымдағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған келесі ұйымдардың капиталына қатысты:

| Атауы | Тіркелген жері | Негізгі қызметі | Қатысу үлесі<br>2014 жылғы 31 маусым | <br>2013 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| «Интергаз Орталық Азия» АҚ («ИОА») | Қазақстан | Газды тасымалдау, сату және сақтау, Қазақстанда газ құбырларына техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету | 100% | 100% |
| «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ («ҚТГ Аймақ») | Қазақстан | Газды жергілікті энергия тасымалдаушыларына өткізу | 100% | 100% |
| «ҚазТрансГаз Алматы» АҚ («ҚТГ Алматы») | Қазақстан | Газды сату және бөлу | 100% | 100% |
| «ҚазТрансГаз Тбилиси» АҚ («ҚТГ Тбилиси») | Грузия | Газды сату және бөлу | 100% | 100% |
| «ҚазТрансГаз Өнімдері» (ҚТГ Өнімдері») | Қазақстан | Газды тазарту | 100% | 100% |
| «Аманкелді Газ» ЖШС («АГ») | Қазақстан | Табиғи газды және газ конденсатын өндіру | 100% | 100% |
| «Интергаз Файнэнс Б.В.» («ИФБВ») | Нидерландтар | Еурооблигацияларды шығару (қаражатты тарту) | 100% | 100% |
| «АқтауГазСервис» АҚ («АГС») | Қазақстан | Газды жергілікті энергия тасымалдаушыларына өткізу | 100% | – |
| «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС («БШГҚ») | Қазақстан | Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу және пайдалану | 50% | 50% |
| «Азиялық газ құбыры» ЖШС («АГҚ») | Қазақстан | Қазақстан – Қытай газ құбырын салу және пайдалану | 50% | 50% |
| «ҚырҚазГаз» ЖШҚ («ҚҚГ») | Қырғызстан | «Бухараның газды ауданы-Ташкент-Бішкек-Алматы» магистральды газ құбыры учаскесінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары және жаңғырту | 50% | 50% |

Кутаиси қалалық сотының 2009 жылғы 16 наурыздағы шешіміне сәйкес Топ өзінің еншілес ұйымы «ҚТГ Тбилиси» АҚ бақылаудан айырылып қалды. Бұл еншілес ұйымды шоғырландыру бақылаудан айырылу күнінен бастап тоқтатылды.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2014 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік 34 ХҚЕС *«Аралық қаржылық есептілік»* сәйкес дайындалды.

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке жылдық қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс барлық мәліметтер мен деректер кірмейді және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жылдық қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

**Шетел валюталарын қайта есептеу**

Қазақстан Республикасында ресми айырбас бағамдары ретінде Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі «ҚҚБ») белгіленген орташа алынған валюта бағамдары қолданылады.

Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде теңгеге қатысты АҚШ долларының келесі айырбас бағамдары пайдаланылды:

| | Айырбас бағамы күні | Орташа алынған мөлшерлеме жарты жылдың ішінде |
|---|---|---|
| **2014 жылғы 30 маусым** | **183,51** | **176,23** |
| 2013 жылғы 31 желтоқсан | 153,61 | 151,60 |

### 3. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫ

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және Топ алғаш рет пайдаланатын қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2014 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

***Жаңа стандарттың/түзетудің сипаттамасы мен әсері төменде сипатталған***

*«Инвестициялық компаниялар» (10 ХҚЕС-ке (IFRS), 12 ХҚЕС-ке (IFRS) және 27 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер)*

Бұл түзетулер 10 ХҚЕС-ке (IFRS) *«Шоғырландырылған қаржылық есептілік»* сай инвестициялық компанияның анықтамасын қанағаттандыратын ұйымдар үшін шоғырландыру туралы талапқа қатысты ерекшелікті көздейді. Шоғырландыруға қатысты ерекшелікке сай инвестициялық компаниялар өздерінің еншілес компанияларын жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп арқылы әділ құны бойынша ескеруі тиіс. Түзетулер Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені Топтың бірде бір ұйымы 10 ХҚЕС-ке (IFRS) сай инвестициялық компания ретінде жіктеу критерийлерін қанағаттандырмайды.

*«Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу» – 32 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*

Бұл түзетулер «қазіргі сәтте заңгерлік қорғаумен қамтамасыз етілген мойындалған сомаларды есепке алу құқығы бар» деген сөйлемнің мағынасын және есептеу палаталары қолданатын бір мезгілді емес есеп айырысулар тетіктері үшін өзара есепке алу критерийлерін түсіндіреді. Мұндай түзетулер Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

*«Туынды құралдардың жаңалығы және хеджирлеуді есепке алуды жалғастыру» – 39 ХБЕС-ке түзетулер*

Бұл түзетулер хеджирлеу құралы ретінде белгіленген туынды құралдың жаңалығы белгілі бір критерийлерді қанағаттандырады деген талаппен хеджирлеуді есепке алуды тоқтатудан босатуды көздейді. Бұл түзетулер Топтың аралық қысқартылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені Топ есепті немесе алдыңғы кезеңдердің ішінде өзінің туынды құралдарының жаңалығын жүзеге асырған жоқ.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫ (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және Топ алғаш рет пайдаланатын қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

***Жаңа стандарттың/түзетудің сипаттамасы мен әсері төменде сипатталған (жалғасы)***

*«Қаржылық емес активтердің өтелетін құны туралы ақпаратты ашып көрсету» – 36 ХБЕС-ке түзетулер*

Бұл түзетулер 36 ХБЕС-ке *«Активтердің құнсыздануы»* сай ақпаратты ашып көрсету бөлігінде 13 ХҚЕС *«Әділ құны бойынша бағалау»* қасақана емес салдарды жояды. Сонымен бірге, бұл түзетулер солар бойынша кезең ішінде құнсыздану залалы танылған немесе қалпына келтірілген активтердің немесе ақша қаражатын тудыратын бірліктердің (тудыратын бірліктердің) өтелетін құны туралы ақпаратты ашып көрсетуді талап етеді. Түзету Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

*21 КРМФО түсіндірмесі – «Міндетті төлемдер»*

21 КРМФО (IFRIC) түсіндірмесі 2014 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ретроспективті қолданылады. Ол заңнамаға сәйкес төленетін, басқа стандарттардың (мысалы, 12 ХҚЕС (IAS) *«Пайдаға салынатын салықтар»*) қолданылу аясына кіретін ресурстардың шығуы не болмаса айыппұлдар немесе заңнаманы бұзғаны үшін салынатын өзге де өндіріп алулар болып табылмайтын барлық міндетті төлемдерге қатысты қолданылады.

Түсіндіру ұйым міндетті төлемді төлеу міндеттемесін соның салдарынан заңнамаға сай төлеу міндеті туындайтын қызметті жүзеге асырудан ерте емес мойындайтындығын нақтылайды. Сондай-ақ түсіндірме міндетті төлемді төлеу міндеттемесі, егер соның салдарынан заңнамаға сәйкес мұндай міндет туындайтын қызмет белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде жүзеге асырылса, біртіндеп мойындалатындығын нақтылайды. Егер міндетті төлемді төлеу міндеті белгілі бір ең аз шекті мәнге қол жеткізудің салдарынан туындаса, мұндай шекті мәнге қол жеткізілгенге дейінгі тиісті міндеттеме мойындалмайды. Түсіндірмеге сай дәл сол қағидаттар аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікте қолданылады.

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар**

Төменде шығарылған, бірақ Топ аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығару күніне әлі күшіне енбеген стандарттар келтіріліп отыр. Тізімге Топтың пікірінше ақпаратты ашуға, келешекте қолданыла қалған жағдайда қаржылық жағдайына немесе қызметтің қаржы нәтижелеріне әсер ететін шығарылған стандарттар мен түсіндірмелер енгізілді. Топ осы стандарттарды олар күшіне енген күнінен бастап қолдану ниетінде.

*9 ХҚЕС «Қаржы құралдары: жіктеу және бағалау»*

ХҚЕС жөніндегі кеңестің 39 ХБЕС ауыстыру жөніндегі жобасының бірінші кезеңінің нәтижелері бойынша шығарылған 9 ХҚЕС олар 39 ХБЕС айқындалғандай қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді жіктеуге және бағалауға қатысты қолданылады. Бастапқыда стандарт 2013 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді деп болжанды, бірақ 2012 жылдың желтоқсан айында жарияланған 9 ХҚЕС-ке *«9 ХҚЕС-ті міндетті қолдану күні және ақпаратты ашып көрсетуге қатысты өтпелі талаптар»* түзетулерді шығару нәтижесінде міндетті қолдану күні 2015 жылдың 1 қаңтарына ауыстырылды. Келесі кезеңдердің барысында ХҚЕС жөніндегі кеңес хеджирлеуді есепке алуды және қаржы активтерінің құнсыздануын қарастырады.

9 ХҚЕС бірінші кезеңін қолдану қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін жіктеуге әсер етеді, бұл ретте басшылық Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер айтарлықтай болмайды деп санайды. Аяқталған бейнені елестету үшін Топ осы стандарттың олар жарияланғаннан кейін жобаның басқа кезеңдерімен байланыстыра отырып шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға ықпалын бағалайды.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 3. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫ (жалғасы)

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)**

*21 IFRIC «Міндетті төлемдер» түсіндірмесі*

21 IFRIC түсіндірмесінде компания төлеуге әкеліп соқтыратын әрекет болған жағдайда міндетті төлемдерге қатысты міндеттемені мойындайтындығын түсіндіреді. Төлемі ең аз шекті мәнге қол жеткізілген жағдайда талап етілетін міндетті төлем жасалған жағдайда, түсіндірмеде ең аз шекті мәнге жеткенге дейін болжамды міндеттемені тануға тыйым салынады. 21 IFRIC түсіндірмесі Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсерін тигізбейді деп болжануда. 21 IFRIC түсіндірмесі 2014 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді.

*39 ХБЕС-ке түзетулер «Туынды құралдардың новациясы және хеджирлеуді есепке алуды жалғастыру»*

Мұндай түзетулерде хеджирлеу құралы ретінде айқындалған туынды құралдың новациясы белгіленген критерийлерге жауап берген жағдайда хеджирлеудің есепке алынуын тоқтату туралы талаптан ерекшелік көзделеді. Мұндай түзетулер 2014 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Бұл түзетулер келешек жаңалықтар қарастырылған кезде назарға алынады.

*ХҚЕС жетілдіру (2009-2011 жылдар)*

Төменде санамаланған стандарттарға жетілдірулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді:

- 1 ХҚЕС *«1 ХҚЕС-ті қайталап қолдану»*.
- 1 ХҚЕС *«Қарыздар бойынша шығындар»*.
- 1 ХБЕС *«Салыстырмалы ақпаратқа қатысты талаптарды түсіндіру»*.
- 16 ХБЕС *«Қосалқы жабдықты жіктеу»*.
- 32 ХБЕС *«Үлестік құралдар ұстаушыларына төлемнің салық әсері»*.
- 34 ХБЕС *«Аралық қаржылық есептілік және активтер мен міндеттемелердің жалпы сомалары бөлігінде сегменттер жөніндегі ақпарат»*.

Осы жетілдірулер 2014 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейінгі жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Негізгі құралдар мен тиісінше жинақталған тозу былайша көрсетілген:

| | Жер | Ғимараттар | Машиналар мен жабдықтар | Газ көлік жүйесі | Көлік құралдары | Басқасы | Аяқталмаған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құн** | | | | | | | | |
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген)** | 1.473.889 | 42.990.477 | 170.993.672 | 242.007.655 | 21.998.938 | 7.725.379 | 62.185.782 | 549.375.792 |
| Түсімдер | 790 | 199.969 | 195.253 | 14.047.642 | 131.224 | 69.074 | 17.655.026 | 32.298.978 |
| Негізгі құралдарға аударымдар | – | 2.207.304 | 4.379.428 | 16.450.014 | 13.866 | 24.929 | (23.075.541) | – |
| ТМҚ-дан аударымдар | – | – | – | – | – | – | 824.205 | 824.205 |
| Аударымдар | – | 840.329 | 62.554 | (964.317) | 174.436 | (113.002) | – | – |
| Материалдық емес активтерге аударымдар | – | – | – | – | – | – | (418.018) | (418.018) |
| Шығулар | – | (23.352) | (34.474) | (98.814) | (26.550) | (11.412) | (113.333) | (307.935) |
| **2014 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **1.474.679** | **45.214.727** | **175.596.433** | **271.442.180** | **22.291.914** | **7.694.968** | **57.058.121** | **581.773.022** |
| **Жинақталған тозу** | | | | | | | | |
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген)** | – | (8.171.981) | (53.978.826) | (52.540.620) | (11.185.954) | (3.492.125) | (936.525) | (130.306.031) |
| Амортизациялық аударымдар | – | (1.072.347) | (5.722.026) | (5.843.680) | (809.996) | (393.465) | – | (13.841.514) |
| құнсыздану | – | – | – | – | – | – | (182.532) | (182.532) |
| Аударымдар | – | (17.950) | (2.692) | (105.326) | 2.770 | 123.198 | – | – |
| Құнсызданған негізгі құралдардың жинақталған тозуы | – | 7.156 | – | – | – | – | – | 7.156 |
| Есептен шығарылған негізгі құралдардың жинақталған тозуы | – | 526 | 18.926 | 32.696 | 24.368 | 7.772 | – | 84.288 |
| **2014 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | – | (9.254.596) | (59.684.618) | (58.456.930) | (11.968.812) | (3.754.620) | (1.119.057) | (144.238.633) |
| **Қалдық құны** | | | | | | | | |
| 2013 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген) | 1.473.889 | 34.818.496 | 117.014.844 | 189.467.035 | 10.812.984 | 4.233.254 | 61.249.257 | 419.069.759 |
| **2014 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **1.474.679** | **36.960.131** | **115.911.815** | **212.985.250** | **10.323.102** | **3.940.348** | **55.939.064** | **437.534.389** |

**Газ көлік жүйесі**

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде Топ 1.313.839 мың теңге жалпы сомаға Ақтөбе облысында «Октябрьск-Алға» магистральды газ құбырын сатып алды.

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде қосымша төленген капитал ретінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-нан Қостанай облысында 6.791.631 мың теңге сомасына газ құбырлы активтер алынды *(10-ескертпе)*.

## 4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

**Газ көлік жүйесі (жалғасы)**

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде Топ 3.823.518 мың теңге жалпы сомаға Батыс Қазақстан облысында орналасқан газ құбырлы активтерді алды *(10-ескертпе)*.

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде Топ жергілікті билік органдарынан 197.852 мың теңге сомасына негізгі құралдарды өтеусіз алды (2013 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде: 197.591 мың теңге).

**Аяқталмаған құрылыс**

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде аяқталмаған құрылысқа түсімдер негізінен 5.293.481 мың теңге сомасына компрессор станцияларын күрделі жөндеуді; 2.743.693 мың теңге сомасына магистральды газ құбырларын күрделі жөндеуді; 750.939 мың теңге сомасына резервтік электр станцияларын және КТП ЛПУ Ақкөлді сатып алуды; 742.750 мың теңге сомасына «Макат» ЛПУ электрмен қамсыздандыруды қайта құруды және жаңартуды; АМГ Атырау Тайман поселкесіндегі компрессор цехын 677.091 мың теңге сомасына күрделі жөндеуді білдіреді.

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде 16.450.014 мың теңге сомасына аяқталмаған құрылыстан негізгі құралдарға аударымдар газ желісінің кейбір аяқталмаған құрамдастарын білдірді (2013 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін: 2.012.911 мың теңге).

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде Топ 1.733.798 мың теңге сомасына қорларды сатып алды, мердігерлердің жалақысы мен жұмыс ақысын төледі.

## 5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2014 жылғы 30 маусымдағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілікте үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін келесі бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестері болды:

| Атауы | Тіркелген жері | Негізгі қызметі | Үлес, % 2014 жылғы 30 маусым | Үлес, % 2013 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| «Азиялық газ құбыры» ЖШС («АГҚ») | Қазақстан | Қазақстан – Қытай газ құбырын салу және пайдалану | 50% | 50% |
| «ҚырҚазГаз» ЖШҚ («ҚҚГ») | Қырғызстан | Бұхара – Ташкент – Бішкек – Алматы магистральды газ құбырына қызмет көрсету | 50% | 50% |
| «ҚазТрансГаз АГ» («ҚТГ АГ») | Швейцария | Электрэнергиясын өндіру бойынша кәсіпорындарды әзірлеу және салу, электрэнергиясын және көмірсутекті шикізатты өндіру, бөлу және сату | 50% | 50% |
| «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС («БШГ») | Қазақстан | Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу және пайдалану | 50% | 50% |
| «АвтоГаз» ЖШС («АВГ») | Қазақстан | Автогазтолтыру компрессорлық станцияларды ұйымдастыру, пайдалану, салу және қызмет көрсету | 50% | 50% |

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

**Елеулі бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар туралы жалпылама қаржылық ақпарат төменде келтірілген**

**«АГҚ»**

Келесі кестеде Компанияның АГҚ-ға салынған инвестициялардың жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есептегі үлес** | | |
| Ағымдағы активтер | 128.540.878 | 77.102.531 |
| Ұзақ мерзімді активтер | 727.915.420 | 690.237.491 |
| Ағымдағы міндеттемелер | (70.140.828) | (33.101.198) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | (839.672.680) | (711.321.947) |
| **Таза (міндеттемелер)/активтер** | (53.357.210) | 22.916.877 |
| **Инвестицияның баланстық құны** | – | 22.916.877 |

| *Мың теңгемен* | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) 2014 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның кірістеріндегі және пайдасындағы үлес** | | |
| Кірістер | 57.580.853 | 45.455.810 |
| Есепті кезең үшін таза (шығын)/пайда | (23.346.523) | 11.440.335 |

2008 жылғы 15 ақпанда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салуда және пайдалануда ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Компанияның 50% қатысуымен және «Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited» 50% қатысуымен АГҚ бірлескен кәсіпорны құрылды. 2014 жылғы 30 маусымда АГҚ жарғылық капиталы 1.200.000 мың теңге болды, олардың 600.000 мың теңгесін Компания төледі.

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін Компанияның АГҚ таза шығынындағы үлесі 77.217.825 мың теңге болды, тиісінше, бірлескен кәсіпорынның мойындалмаған шығындар үлесі 53.871.302 мың теңге болды.

**«БШГ»**

Келесі кестеде Компанияның БШГ-ге салынған инвестициялардың жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есептегі үлес** | | |
| Ағымдағы активтер | 19.238.620 | 5.812.480 |
| Ұзақ мерзімді активтер | 152.083.017 | 148.709.684 |
| Ағымдағы міндеттемелер | (16.872.396) | (14.312.179) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | (99.144.004) | (69.941.107) |
| **Таза активтер** | 55.305.237 | 70.268.878 |
| **Инвестицияның баланстық құны** | 55.305.237 | 70.268.878 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 5. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

**«БШГ» (жалғасы)**

| *Мың теңгемен* | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) 2014 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның кірістеріндегі және шығынындағы үлес** | | |
| Кірістер | **2.201.543** | – |
| Есепті кезеңдегі таза шығын | **(14.963.641)** | (449.012) |

2011 жылғы 18 қантарда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салуда және пайдалануда ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Компанияның 50% қатысуымен және «Trans-Asia Gas Pipeline Company Limited» 50% қатысуымен ШБГ бірлескен кәсіпорны құрылды. 2014 жылғы 30 маусымда БШГ жарғылық капиталы 145.430.000 мың теңге болды, олардың 72.715.000 мың теңгесін Компания төледі.

2014 жылғы 14 наурызда Компания БШГ-ке «Қытай Даму Банкі» Корпорациясы мен «Қытай Банкінің» Лондондағы филиалы беретін несие желісінің шеңберінде бірлескен кәсіпорынның несие траншытарын алуына қарай қысқа мерзімді кезеңде кайтарымдылық шарттарында 15.800.000 мың теңге сомаға қысқа мерзімді пайызсыз қарызды берді.

**«АВГ»**

Келесі кестеде Компанияның АВГ-ге салынған инвестициялардың жалпылама қаржылық ақпараты келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы есеп** | | |
| Ағымдағы активтер | **124.520** | 175.138 |
| Ұзақ мерзімді активтер | **870.865** | 751.717 |
| Ағымдағы міндеттемелер | **(132.296)** | (77.229) |
| **Таза активтер** | **863.089** | 849.626 |
| **Инвестицияның баланстық құны** | **863.089** | 849.626 |

| *Мың теңгемен* | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) 2014 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|
| **Бірлескен кәсіпорынның кірістеріндегі және пайдасындағы үлес** | | |
| Кірістер | **95.347** | 14.631 |
| Есепті кезеңдегі таза пайда/(шығын) | **13.463** | (43.455) |

2011 жылғы 30 сәуірде Компания «Колон Корпорэйшен» пайдасына АВГ-дегі үлестің 50% өткізді. 2013 жылы Компания 34.200 мың теңге сомасына ақша қаражатымен жарғылық капиталды ұлғайту арқылы АВГ-дегі өз инвестицияларын ұлғайтты.

## 6. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

| *Мың теңгемен* | 2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Материалдар мен қорлар | **14.617.133** | 8.944.078 |
| Газ қорлары | **4.573.496** | 13.987.886 |
| | **19.190.629** | 22.931.964 |
| Минус: ескірген және өтпейтін тауарматериалдық қорларға резерв | **(135.654)** | (233.323) |
| | **19.054.975** | 22.698.641 |

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 6. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР (жалғасы)

Материалдар мен қорларға, негізінен, газ көлік жүйесіне техникалық қызмет көрсетуге арналған қосалқы бөлшектер, газ көлік жабдығында пайдалануға арналған метанол мен майлау материалдары және ішкі пайдалануға арналған тауарлар кіреді. Газ қорларына жағар газ және сатуға арналған газ кіреді.

Ескірген және өтімсіз тауар-материалдық қорларға резервтегі қозғалыс былайша берілген:

| *Мың теңгемен* | |
|---|---|
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген)** | (233.323) |
| Резерв есебінен шығарылғаны | **1.164** |
| Қалпына келтірілгені | **95.441** |
| Пайдаланылмаған сомаларды түзету | **1.064** |
| **2014 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **(135.654)** |

### 7. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

| *Мың теңгемен* | **2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі | **41.946.340** | 43.020.134 |
| Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі *(24-ескертпе)* | **4.871.550** | 6.084.116 |
| Өзге дебиторлық берешек | **1.818.543** | 1.354.490 |
| | **48.636.433** | 50.458.740 |
| Минус: күмәнді дебиторлық берешек бойынша резерв | **(3.601.640)** | (2.871.059) |
| | **45.034.793** | 47.587.681 |

2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша дебиторлық берешектің 56% «Газпром» тобы компанияларының газ транзиті мен экспорты үшін берешегі құрады (2013 жылдың 31 желтоқсанына: 57%). 2014 жылдың 30 маусымына дебиторлық берешектің 68% АҚШ долларында білдірілді (2013 жылдың 31 желтоқсанына: 64%).

Күмәнді берешек бойынша резервтегі қозғалыс былайша берілген:

| *Мың теңгемен* | **Дербес негізде күнсызданғандар** |
|---|---|
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген)** | (2.871.059) |
| Кезеңдегі аударымдар | (412.743) |
| Шетел валюталарын қайта есептеу | (493.028) |
| Пайдаланылды | 174.817 |
| Қалпына келтірілгені | 373 |
| **2014 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **(3.601.640)** |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 8. БАНКТЕРДЕГІ САЛЫМДАР

| *Мың теңгемен* | 2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Өтеу мерзімі үш айдан артық, бірақ бір жылдан кем болатын АҚШ долларындағы банк салымдары | **14.427.358** | 3.301.198 |
| Өтеу мерзімі үш айдан артық, бірақ бір жылдан кем болатын теңгемен банк салымдары | **14.096.221** | 8.179.957 |
| **Қысқа мерзімді банк салымдары** | **28.523.579** | 11.481.155 |
| Өтеу мерзімі бір жылдан артық болатын АҚШ долларындағы банк салымдары | **16.515.900** | – |
| Өтеу мерзімі бір жылдан артық болатын теңгемен банк салымдары | **14.887.816** | 8.388.657 |
| | **31.403.716** | 8.388.657 |
| Минус: Пайдалануда шектелген ақша қаражаты | **(4.154.052)** | (2.557.997) |
| **Ұзақ мерзімді банк салымдары** | **27.249.664** | 5.830.660 |

2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша салымдар банктерде теңгемен жылдық 2,5%-8,5% және шетел валютасында 2,5%-7% етіп пайыздық мөлшерлемелерге орналастырылды.

2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 3.761.439 мың теңге мөлшерінде пайдалануда шектелген депозиттік шоттар болды. Бұл депозиттік шоттар Топ қызметкерлерінің қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде ашылды (2013 жылғы 31 желтоқсан: 2.279.315 мың теңге).

2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 392.613 мың теңге сомасына бір жылдан артық өтеу мерзімі бар банктердегі салымдар активтерді шығару бойынша міндеттемелер бөлігінде көмірсутектерді барлау және өндіру жөніндегі келісімшарт бойынша пайдалануда шектелген болды (2013 жылғы 31 желтоқсан: 278.682 мың теңге).

## 9. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

| *Мың теңгемен* | 2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Шетел валютасында банктердегі шоттар | **17.761.371** | 3.111.987 |
| Теңгемен банктердегі шоттар | **5.803.793** | 3.441.641 |
| Теңгемен салымдар | **1.016.721** | 3.600.000 |
| Жолдағы ақша | **28.118** | 287.498 |
| Кассадағы қолма-қол ақша | **12.077** | 14.983 |
| Шетел валютасындағы салымдар | – | 76.805 |
| | **24.622.080** | 10.532.914 |

Қысқа мерзімді салымдар ақша қаражатында Топтың мұқтаждығына қарай бір күннен үш айға дейінгі мерзімге орналастырылған. 2014 жылдың 30 маусымына салымдар бойынша сыйақы 0,19%-дан 2%-ға дейінгі мөлшерде орташа алынған пайыздық мөлшерлеме бойынша есептеледі (2013 жылдың 31 желтоқсанына: 0,19%-дан 2%-ға дейін).

## 10. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

| | Айналысқа шығарылған жай акциялар (акциялар саны) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Номиналды құны 100 теңге | Номиналды құны 138 теңге | Номиналды құны 2.500 теңге | Номиналды құны 10.000 теңге | Жарғылық капитал, мың теңгемен |
| 2013 жылдың 31 желтоқсанына | 312.167.670 | 1 | 30.976.655 | 3.535.325 | 144.011.655 |
| **2014 жылдың 30 маусымына** | **312.167.670** | **1** | **30.976.655** | **4.749.858** | **156.156.985** |

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 10. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ (жалғасы)

Жай акциялар оларың иелеріне акционерлердің Жалпы жиналысының құзыреті шегінде барлық мәселелер бойынша дауыс беру құқығын береді. Жай акциялар бойынша дивидендтер акционердің қарауына қарай төленеді. 2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде Компания дивидендтерді есептеген жоқ.

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде Компания әрқайсысының номиналды құны 10.000 теңге болатын 1.214.533 дана көлемінде жай акцияларды шығарды. Акцияларды Компанияның жалғыз акционері сатып алып, 12.145.330 мың теңге жалпы сомаға Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарында газ көлік активтерімен төледі.

2013 жылдың ішінде Компания әрқайсысының номиналды құны 10.000 теңге болатын 409.422 дана көлемінде жай акцияларды шығарды. Акцияларды Компанияның жалғыз акционері сатып алып, «Арқагаз» АҚ-ның акцияларымен төледі.

Компания Басқармасының 2013 жылғы 18 сәуірдегі шешіміне сәйкес Астана қ. Әкімдігі бағдарламасының шеңберінде Компания «Нұрлы Астана» Корпоративтік қорға 50.000 мың теңге мөлшерінде демеушілік көмегін көрсетті. Бұл шығыстар акционерге бөлу ретінде танылды, өйткені операция «ҚазМұнайГаз» АҚ Басқарма Төрағасының хатындағы тапсырмаға сәйкес орындалды.

**Қосымша төленген капитал**

2014 жылғы 13 наурызда ҚТГ Аймақ пен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ 6.791.631 мың теңге сомасына Қостанай облысында орналасқан газ құбырларын сенімгерлік басқару шартын жасады. 2014 жылғы 29 мамырда Компания мен ҚТГ Аймақ 3.823.518 мың теңге сомаға Батыс Қазақстан облысында орналасқан газ құбырларын сенімгерлік басқару шартын жасады (2013 жылғы 30 маусым: 520.673 мың теңге). Сенімгерлік басқару шарты ҚТГ Аймаққа бұл газ құбырларына меншік құқығы берілгенге дейін қолданылатын қысқа мерзімді тетік болып табылады. ҚТГ Аймақ мұндай активтердің тікелей пайдаланушысы болып табылады және сенімгерлік басқару шартына сәйкес бұл газ құбырларына иелік етуге байланысты барлық тәуекелдер мен сыйақыларды алды. Тиісінше, ҚТГ Аймақ бұл газ құбырларын активтер ретінде алғанын және бөлінбеген пайданың тиісінше ұлғаюын мойындады.

### 11. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2014 жылдың 30 маусымына және 2013 жылдың 31 желтоқсанына шығарылған борыштық бағалы қағаздарға мыналар кіреді:

| | Шығару | Өтеу мерзімі | Пайыздық мөлшерлеме | АҚШ Доллары<br>2014 жылғы 30 маусым | Мың теңгемен<br>2014 жылғы 30 маусым | АҚШ Доллары<br>2013 жылғы 31 желтоқсан | Мың теңгемен<br>2013 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Еурооблигациялар | мамыр 2007 | мамыр 2017 | 6,375% | 540.000.000 | 99.095.400 | 540.000.000 | 82.949.400 |
| Облигациялар | ақпан 2014 | желтоқсан 2018 | 7,50% | – | 8.629.170 | – | – |
| | | | | | 107.724.570 | | 82.949.400 |
| Минус: мәміле бойынша амортизацияланбаған шығыстар | | | | | (524.568) | | (421.561) |
| Төленуге жататын сыйақы | | | | | 1.130.809 | | 675.692 |
| | | | | | 108.330.811 | | 83.203.531 |
| Минус: 12 ай ішінде өтелуге жататын сома | | | | | (1.130.809) | | (675.692) |
| **12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар** | | | | | 107.200.002 | | 82.527.839 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 11. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (жалғасы)

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру, сондай-ақ 2014 жылдың 30 маусымында аяқталатын алты айдың ішінде алынған карыздарды кайта қаржыландыру мақсатында ҚҚБ-ның сауда жүйесінде саны 8.629.170 дана, бір облигация үшін номиналды құны 1.000 теңге, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 7,5% болатын және купондарды төлеу кезеңділігі 2018 жылға дейін жыл сайын 27 маусым және 27 желтоқсан болатын Топтың облигациялары орналастырылды. Сатып алушы үшін облигациялар бойынша кірістілік жылдық 8,2% тең. Орналастырылған облигациялар бойынша түскен сома 8.495.502 мың теңгені құрады.

2011 жылғы қарашада «ИФБВ» 2007 жылғы мамырда шығарылған Еурооблигациялар бойынша барлық құқықтар мен міндеттемелерді ИОА-ға аударды. Осылайша, ИОА және ИФБВ 2017 жылғы мамырда өтеу мерзімімен 540.000.000 АҚШ доллары сомасында топішілік қарыз бойынша есеп айырысты. 2011 жылғы қарашадан бастап ИОА 2007 жылғы мамырда шығарылған Еурооблигациялардың эмитентіне айналды. Кейіннен, мұндай борыштық міндеттемелер ҚҚБ-да тіркелді.

2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша шығарылған борыштық міндеттемелер бойынша төленуге жататын сыйақы 1.130.809 мың теңгені (2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 675.692 мың теңге) құрады.

## 12. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР

2014 жылғы 30 маусымдағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздық қарыздар мен тартылған қаражатқа мыналар кірді:

| *Мың теңгемен* | 2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар | 52.726.388 | 4.640.340 |
| Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар пайыздық қарыздар | 22.846.405 | 34.508.018 |
| | 75.572.793 | 39.148.358 |
| Минус: мәміле бойынша амортизацияланбаған шығындар | (262.538) | (350.589) |
| Плюсы: төленуге жататын сыйақы | 387.554 | 241.230 |
| | 75.697.809 | 39.038.999 |
| Минус: есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жататын сома | (60.552.631) | (33.048.047) |
| **12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар** | **15.145.178** | 5.990.952 |

### «HSBC Bank Plc»

2005 жылғы 15 тамыздағы несиелік келісімге сәйкес «Trinkaus&Burkhardt KGAA» және «CITIGroup Global Markets Deutschland AG&CO.KGAA» Топқа доллардағы баламамен 44.763.860 еуро сомасында қарыз берді, бұл «MAN TURBO AG» мен Топ арасында жасалған Маңғыстау облысында «Опорная ГП «САЦ» компрессорлық станцияны әзірлеуге, жабдықты жеткізуге және салуға арналған Бас келісім құнының бір бөлігін білдіреді. Бұл несиелік келісімге сәйкес «HSBC Bank Plc» қаржы Агенті болып табылады.

Топ бұл қарызды 2007 жылғы 30 қыркүйектен бастап жиырма бірізді тең жартыжылдық төлемдермен төлеп отыр. Сыйақы жылдық 0,3% қоса алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеледі және жартыжылдық төлемдермен төленеді. Қосымша Топ көрсетілген қарыздың пайдаланылмаған сомасына есептелетін жылына 0,1% мөлшеріндегі міндеттеме үшін комиссияны төлейді.

### «Credit Suisse»

2007 жылғы 27 ақпандағы қарыз шартына сәйкес Credit Suisse ҚТГ Тбилисиге 50.000.000 АҚШ долларына баламалы сомаға қарыз берді. Компания мен ИОА Credit Suisse пайдасына бірлескен кепілдікті берді. 2009 жылы ҚТГ Тбилиси қарыз шартының кейбір ережелерін бұзып, пайыздарды төлеуді доғарды. 2009 жылғы желтоқсанда Топ ЛИБОР + 7,3% пайыздық мөлшерлемемен және 2014 жылғы ақпанда өтеу мерзімімен «Credit Suisse» жаңа қарыз алды және қосалқы-консорциалды келісімге қолын қойды. Қосалқы-консорциалды келісімге сәйкес Credit Suisse алынған қарыз бойынша ҚТГ Тбилисидің құқықтары мен міндеттемелері Компанияға берілді. 2014 жылғы ақпанда Топ бұл қарызды толығымен өтеді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 12. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

**Қазақстанның даму банкі ақ**

2014 жылдың 30 маусымында аяқталатын алты айдың ішінде 13 жылға дейінгі ең ұзақ қарыз мерзімімен 8,2%-бен 21.485.004 мың теңге сомасына 2014 жылғы 12 наурызда жаңартылатын несие желісін ашу туралы келісімге сәйкес «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Топқа «ОҚО газ бөлу жүйесін жаңарту» жобасы бойынша 8.719.833 мың теңге сомасына қосымша қаржыландыруды берді. 1-ші суб-лимит шеңберінде алынған қарыздар сомасы 2014 жылғы қарашадан бастап 435.992 мың теңге мөлшерінде жартыжылдық төлемдермен өтелуі тиіс.

2014 жылдың 30 маусымында аяқталатын алты айдың ішінде 15 жылға дейінгі ең ұзақ қарыз мерзімімен 8,1%-бен 16.400.000 мың теңге сомасына 2013 жылғы 17 шілдеде жаңартылатын несие желісін ашу туралы келісімге сәйкес «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Топқа «Тараз қ. ГБЖ жаңарту» жобасы бойынша 1.579.745 мың теңге сомасына қосымша қаржыландыруды берді. 1-ші суб-лимит шеңберінде алынған қарыздар сомасы 2015 жылғы қыркүйектен бастап 227.198 мың теңге мөлшерінде жартыжылдық төлемдермен өтелуі тиіс.

2007 жылғы 12 маусымдағы банктік қарыз шартына сәйкес 1.927.405 мың теңге сомадағы қарыз 2012 жылғы қаңтардан бастап 113.337 мың теңге мөлшерінде жартыжылдық төлемдермен өтелуі тиіс. Бұл қарыз «Өзен-Жетібай газ құбырының резервтік желісі» жобасын іске асыру үшін тартылды.

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде Топ 113.377 мың теңге (2013 жылғы 30 маусым: 113.377 мың теңге) мөлшерінде негізгі борыш сомасын және 171.566 мың теңге (2013 жылғы 30 маусым: 102.040 мың теңге) мөлшерінде ай сайын есептелген пайыздарды өтеді. 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың бұл қарыздар бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

**«Hsbc банк Қазақстан» ақ еб**

20.400.000 АҚШ доллары сомасына қарыз 2013 жылғы 29 қазан мен 20 қараша аралығындағы кезеңде табиғи газды сатып алу және айналым қаражатын толықтыру үшін «Gazprom Schweiz AG» алдындағы міндеттемелерді төлеу үшін үш траншпен алынды. 2014 жылғы наурызда Топ бұл қарызды толығымен өтеді.

**«Банк ВТБ Қазақстан» АҚ**

2014 жылғы 13 наурызда ВТБ Банк (Австрия) АГ, ВТБ Банк (Германия) АГ және Топ арасында Либор + Банк маржасы (2,2%) мөлшерлемесі бойынша, 6 айға өтеу мерзімімен және 6 айға ұзарту мүмкіндігімен 250 млн. АҚШ доллары мөлшерінде Несие желісін беру туралы шартқа қол қойылды, бұл ретте несие бойынша пайыздарды тоқсан сайын төлеу көзделген.

**«Ресей Жинақбанкі» ЕБ АҚ**

2013 жылғы 9 қыркүйекте айналым капиталын толықтыруға, 6,5%-бен 9.000.000 мың теңге сомаға жаңартылатын несие желісін ашу туралы шартқа сәйкес «Сбербанк Қазақстан» ЕБ Топқа 4.629.227 мың теңге сомаға қосымша қаржыландыру берді. 2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде Топ 277.936 мың теңге мөлшерінде ай сайын есептелген пайыздарды өтеді. 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың бұл қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге салынған активтері жоқ.

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде пайыздық қарыздар бойынша есептелген сыйақы 779.927 мың теңгені (2013 жылғы 30 маусым: 278.626 мың теңге) құрады.

**«Ситибанк Қазақстан»**

2004 жылғы 22 қыркүйектегі Қысқа мерзімді несиелер туралы келісімге сәйкес Топ өзінің айналым қаражатын толықтыру үшін LIBOR + 0.3% мөлшерлемесі бойынша қысқа мерзімді қарыздарды тартты.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 13. РЕЗЕРВТЕР

| *Мың теңгемен* | Газды тасымалдау шығыстары бойынша резерв | Ұңғымаларды, газ құбырын жою, учаскені қалпына келтіру және тарихи шығындар | Кепілдік бойынша резервтер | Жалдау төлемдері бойынша резерв | Өзге де резервтер | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген)** | 21.267.496 | 2.370.578 | 2.849.952 | 1.956.806 | 1.835.447 | 30.280.279 |
| Кезең ішінде ұлғаю | **1.645.840** | **906.912** | **651.555** | **–** | **–** | **3.204.307** |
| Бағалаудағы өзгеріс | **19.614.970** | **–** | **–** | **–** | **–** | **19.614.970** |
| Бағамдық айырма | **–** | **127.603** | **83.839** | **–** | **–** | **211.442** |
| Дисконт амортизациясы | **–** | **79.777** | **–** | **–** | **–** | **79.777** |
| Пайдаланылмаған сомаларды түзету | **–** | **–** | **–** | **–** | **90** | **90** |
| Пайдаланылды | **(781.673)** | **(88.109)** | **–** | **–** | **–** | **(869.782)** |
| **2014 жылдың 30 маусымына (аудит жүргізілмеген)** | **41.746.633** | **3.396.761** | **3.585.346** | **1.956.806** | **1.835.537** | **52.521.083** |
| **2014 жылғы 30 маусымға ағымдағы резервтер** | **41.746.633** | **125.462** | **3.585.346** | **1.956.806** | **1.835.537** | **49.249.784** |
| **2014 жылғы 30 маусымға ұзақ мерзімді резервтер** | **–** | **3.271.299** | **–** | **–** | **–** | **3.271.299** |
| 2013 жылғы 31 желтоқсанға ағымдағы резервтер | 21.267.496 | 125.661 | 2.849.952 | 1.956.806 | 1.835.447 | 28.035.362 |
| 2013 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді резервтер | – | 2.244.917 | – | – | – | 2.244.917 |

Компания «ҚТГ Тбилиси» берешегін қамтамасыз ету ретінде «Грузия Банкінің» пайдасына өтелмеген кепілдік бойынша міндеттемелерді көтереді. Бұл кепілдікпен қамтамасыз етілген берешек сомасын 10.000.000 АҚШ доллары (баламасы 1.835.100 мың теңге) құрады. 2009 жылғы қаңтарда «ҚТГ Тбилиси» қарыздың негізгі сомасы мен есептелген пайыздар бойынша төлем жасауды тоқтатты. 2010 жылдың ішінде «Грузия Банкі» сот процесін бастап, 2011 жылғы 25 қарашада Лондонның арбитраждық соты берілген кепілдік бойынша өндіріп алу туралы шешімді қабылдады: 14.175.001 АҚШ доллары (баламасы 2.103.570 мың теңге) жалпы сомаға «Грузия Банкі» пайдасына қарыз сомасын, сыйақыны және сот шығыстарын. 2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде Компания 3.550.515 АҚШ доллары сомасына (баламасы 651.555 мың теңге) қосымша резервті құрды. 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топ басшылығы бұл кепілдік бойынша төлемдерді қайта құрылымдау жөнінде келіссөздер жүргізді.

## 14. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА НЕСИЕЛІК БЕРЕШЕК

| *Мың теңгемен* | **2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Үшінші тараптардың алдында | **24.940.980** | 31.791.590 |
| Байланысты тараптардың алдында *(24-ескертпе)* | **10.057.047** | 9.467.154 |
| | **34.998.027** | 41.258.744 |

Сауда кредиторлық берешек сатып алынған газ үшін берешекпен білдірілген.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 14. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА НЕСИЕЛІК БЕРЕШЕК (жалғасы)

Басқа да кредиторлық берешек негізінен газ көлік жүйесін жөндеумен және қызмет көрсетумен байланысты активтер мен қызметтер үшін берешекпен білдірілген.

Сауда және басқа кредиторлық берешек пайызсыз болып табылады, сол бойынша есептер әдетте 30 күнге дейінгі мерзімде жүзеге асырылады және теңгемен берілген.

## 15. ГАЗ ҚАРЫЗДАРЫ БОЙЫНША БЕРЕШЕК

2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың 9.028.663 мың теңге (2013 жылғы 31 желтоқсанда: 5.744.418 мың теңге) сомасында газдың қарызы бойынша берешегі болды.

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде «PetroChina International Company Limited»-пен және АГП-мен табиғи газ қарызы туралы үш жақты келісімнің шеңберінде Топ АГП-ден 712.340 мың текше метр көлемінде табиғи газ алды (1.000 текше метр үшін 85 АҚШ доллары әділ құны бойынша). Есепті кезеңде үшінші қарыз шеңберінде 149.774 мың текше метр көлемінде алынған және төртінші қарыз шеңберінде алынған 423.701 мың текше метр газ 573.475 мың текше метр жалпы көлемде газ қайтарылды.

## 16. АЛЫНҒАН АВАНСТАР

| *Мың теңгемен* | **2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Үшінші тараптардан алынған алғытөлем | **3.947.167** | 2.718.341 |
| Байланысты тараптардан алынған алғытөлем *(24-ескертпе)* | **94.480** | 580.745 |
| | **4.041.647** | 3.299.086 |

## 17. ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| *Мың теңгемен* | **2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Сыйлықақылар бойынша есептелген резерв | **2.145.407** | 1.338.584 |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв | **1.652.093** | 1.220.236 |
| Жалақы бойынша берешек | **1.182.501** | 2.323.349 |
| Келешек кезеңдер кірістері | **369.857** | 391.056 |
| Зейнетақы аударымдары | **314.218** | 736.297 |
| Тендерлер бойынша алдын ала төлем | **3.857** | 531.154 |
| Басқасы | **1.048.451** | 1.532.348 |
| | **6.716.384** | 8.073.024 |

2014 жылғы 30 маусымдағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелер теңгемен көрсетілді.

## 18. ӨТКІЗІЛГЕН ӨНІМНЕН ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР

| | **30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)** | |
|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | **2014 жыл** | 2013 жыл |
| Газды өткізуден түскен кірістер | **115.436.867** | 96.764.031 |
| Газды тасымалдау қызметтерінен түскен кірістер | **57.331.821** | 49.391.378 |
| Газ құбырларына техникалық қызмет көрсетуден түскен кіріс | **294.001** | 3.239.784 |
| | **173.062.689** | 149.395.193 |

2013 жылғы 31 желтоқсанда Топ «Gazprom Schweiz AG»-мен 2014 жылы газды экспорттауға арналған келісімшартқа қол қойды. 2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда Топ Шартта көзделген көлемнен 39.781.982 мың теңге жалпы сомаға 1.028.211 мың текше метр көлемінде газды жеткізді (2013 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда: 37.926.769 мың теңге жалпы сомаға 1.158.364 мың текше метр).

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 18. ӨНІМДІ ӨТКІЗУДЕН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУДЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР (жалғасы)

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда өткізуден түскен кірістердің жалпы көлемінің шамамен 71% Газпром тобының компанияларына келді (2013 жылғы 30 маусым: 70%).

Газды сатып алу-сату келісімшартына сәйкес тасымалдау Газпромды газды қабылдауға немесе келісімшарттық көлемнің 80% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттейтін қағидатқа негізделген.

2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда газды тасымалдау, сақтау және байланысты тараптарға көрсетілген газ құбырларына техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерден түскен кірістер 7.550.359 мың теңге болды.

### 19. САТЫЛҒАН ӨНІМ МЕН КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

| | 2013 жылдың 30 маусымында 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | |
|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | **2014 жыл** | 2013 жыл |
| Өткізілген газдың өзіндік құны | **95.835.530** | 62.262.765 |
| Тозу және өтелім | **12.971.268** | 10.968.106 |
| Жалақы және әлеуметтік аударымдар | **11.780.878** | 8.779.940 |
| Жағар газ және газдан айырылу | **4.800.540** | 5.521.303 |
| Көлік шығыстары | **3.016.233** | 74.692 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | **2.261.552** | 2.107.249 |
| Биллинг қызметтері | **1.463.384** | 1.220.582 |
| Жөндеу және техникалық қызмет көрсету | **1.107.178** | 1.245.185 |
| Концессия шарты бойынша шығыстар | **1.041.144** | 1.066.037 |
| Бөгде ұйымдардың қызметтері | **639.986** | 849.492 |
| Электр энергиясы | **604.713** | 713.962 |
| Іссапар шығыстары | **427.019** | 510.831 |
| Байланыс шығыстары | **171.622** | 5.476 |
| Басқасы | **2.435.079** | 2.071.993 |
| | **138.556.126** | 97.397.613 |

### 20. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

| | 2013 жылдың 30 маусымында 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | |
|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | **2014 жыл** | 2013 жыл |
| Жалақы және әлеуметтік аударымдар | **5.077.327** | 4.069.591 |
| Тозу және өтелім | **652.073** | 613.109 |
| Жалдау шығыстары | **502.927** | 406.444 |
| Демеушілік пен қайырымдылық | **441.173** | 178.249 |
| Күмәнді берешек пен ескірген тауар-материалдық қорлар бойынша резервке аудару, нетто | **315.865** | 162.803 |
| Консультациялық қызметтер | **409.073** | 255.903 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | **295.273** | 615.529 |
| Банктердің қызметтері | **235.376** | 170.352 |
| Офисті ұстап тұру шығыстары | **219.715** | 168.081 |
| Іссапар шығыстары | **212.908** | 228.248 |
| Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шығыстары | **90.934** | 150.984 |
| Байланыс | **84.846** | 91.455 |
| Бөгде ұйымдардың өзге қызметтері | **31.458** | 13.644 |
| Сақтандыру | **19.905** | 45.395 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша айыппұл резервін қайтару | **–** | (159.888) |
| Газды іріктеу лимитінен асқаны үшін айыппұл резервін қайтару | **–** | (263.771) |
| Басқасы | **1.471.975** | 1.665.829 |
| | **10.060.828** | 8.411.957 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 21. ӨЗГЕ ДЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)

| | 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген) | |
|---|---|---|
| | **2014 жыл** | 2013 жыл |
| **Өзге де операциялық кірістер** | | |
| Көрсетілген қызметтер бойынша кірістер (үйішілік газды қызмет көрсету, қосылу, техникалық қызмет көрсету) | **1.522.417** | 1.068.063 |
| Мерзімі ұзартылған кірістер амортизациясы | **958.470** | 147.768 |
| Активтердің шығуынан болған пайда | **234.141** | 29.355 |
| Айыппұлдар мен өсімпұлдар | **215.682** | – |
| Тауар-материалдық қорларды сатудан болатын кіріс | **187.442** | 175.990 |
| Өзге де кірістер | **1.047.479** | 1.110.171 |
| | **4.165.631** | 2.531.347 |
| **Өзге де операциялық шығыстар** | | |
| Газ қарызы бойынша операциялардан болған шығын | **(1.548.774)** | – |
| Жалақы және әлеуметтік аударымдар | **(589.710)** | (607.719) |
| Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді өткізуден болған залал | **(470.633)** | – |
| Құнсыздану шығыны | **(182.532)** | (373.511) |
| ТМҚ өткізуден болған шығыстар | **(125.367)** | (93.381) |
| НҚ мен МЕА тозуы | **(38.503)** | (59.920) |
| Басқа да шығыстар | **(968.832)** | (651.950) |
| | **(3.924.351)** | (1.786.481) |

## 22. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР МЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

| | 2013 жылдың 30 маусымында 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | |
|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | **2014 жыл** | 2013 жыл |
| **Қаржылық кірістер** | | |
| Банктердегі салымдар бойынша пайыздық кіріс | **908.069** | 623.701 |
| Басқасы | **45.910** | 73.510 |
| | **953.979** | 697.211 |
| **Қаржы шығындары** | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздар | **(3.407.674)** | (2.599.344) |
| Борыштық қаржылық міндеттемелер бойынша амортизация | **(2.985.400)** | (52.963) |
| Банктік қарыздар мен овердрафттар бойынша пайыздар | **(1.186.397)** | (606.974) |
| Қаржы кепілдігі | **(651.556)** | – |
| Басқасы | **(976.124)** | (120.385) |
| | **(9.207.151)** | (3.379.666) |

## 23. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Топқа 20% қолданыстағы ресми мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынады.

| | 2013 жылдың 30 маусымында 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | |
|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | **2014 жыл** | 2013 жыл |
| Ағымдағы табыс салығы | **(6.246.613)** | (6.053.632) |
| Мерзімі ұзартылған табыс салығы | **(990.903)** | (2.352.716) |
| | **(7.237.516)** | (8.406.348) |

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 24. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Байланысты тараптарға Топтың негізгі басқарушы қызметкерлері, елеулі үлес тікелей немесе жанама түрде Топтың негізгі басқарушы қызметкерлеріне, ҚазМұнайГаз тобының компанияларына (жалпы бақылау астындағы ұйымдарға) тиесілі болатын ұйымдар, бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар және Самұрық-Қазына мен Үкімет бақылайтын компаниялар (мемлекет бақылайтын басқа да ұйымдар) кіреді.

**Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің ережелері мен шарттары**

Байланысты тараптармен мәмілелер үшінші тараптарға қолданылған тарифтердің талаптарында көрсетілетін газды тасымалдау қызметтерін қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде жүзеге асырылмаған тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Байланысты тарапқа берілген кепілдіктер бар. Кезең соңына өтелмеген қалдықтардың қамтамасыз етуі жоқ, олар пайызсыз болып табылады және есеп айырысулар, бұдан әрі көрсетілгенді қоспағанда, ақшалай жасалады. 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың байланысты тараптардың берешек сомаларына қатысты қандай да бір құнсызданған дебиторлық берешегі болған жоқ (2013 жылғы 31 желтоқсанда: нөл).

2014 және 2013 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін байланысты тараптармен негізгі мәмілелер төменде көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | **2013 жылдың 30 маусымында 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** 2014 жыл | 2013 жыл |
|---|---|---|
| ***Тауарлар мен қызметтерді өткізу*** | | |
| ҚазМұнайГаздың жалпы бақылауындағы ұйымдар | **632.738** | 650.707 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **824.390** | 3.058.924 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **6.196.073** | 6.394.987 |
| Самұрық-Қазына және Үкімет бақылайтын ұйымдар | **21.644.709** | 14.194.873 |
| «Самұрық-Қазына» қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **3.290.336** | 2.782.655 |
| | **32.588.246** | 27.082.146 |
| ***Тауарлар мен қызметтерді сатып алу*** | | |
| ҚазМұнайГаздың жалпы бақылауындағы ұйымдар | **3.195.361** | 4.815.585 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **4.631.399** | 1.029.318 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **24.253.192** | 17.394.598 |
| Самұрық-Қазына және Үкімет бақылайтын ұйымдар | **341.092** | 256.404 |
| | **32.421.044** | 23.495.905 |

2014 жылғы 30 маусымдағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен мәмілелер бойынша негізгі қалдықтар былайша болды:

| *Мың теңгемен* | **2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| ***Сауда және басқа да дебиторлық берешек, пайызсыз қарыздар, берілген аванстар және басқа да ұзақ мерзімді активтер*** | | |
| ҚазМұнайГаздың жалпы бақылауындағы ұйымдар | **25.754** | 43.995 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **17.140.854** | 2.515.693 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **2.348.867** | 3.516.115 |
| Самұрық-Қазына және Үкімет бақылайтын ұйымдар | **2.359.657** | 3.067.421 |
| | **21.875.132** | 9.143.224 |

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 24. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛҒАН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)

**Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің ережелері мен шарттары (жалғасы)**

| *Мың теңгемен* | **2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| ***Сауда және басқа да кредиторлық берешек, алынған авансттар және басқа да ағымдағы міндеттемелер*** | | |
| ҚазМұнайГаздың жалпы бақылауындағы ұйымдар | **981.086** | 857.686 |
| Топ қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **6.046.815** | 4.500.413 |
| Бас компания қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **2.974.124** | 4.404.831 |
| Самұрық-Қазына және Үкімет бақылайтын ұйымдар | **96.911** | 134.284 |
| Самұрық-Қазына және Үкімет қатысушы болып табылатын бірлескен кәсіпорындар | **52.591** | 184.527 |
| | **10.151.527** | 10.081.741 |

| *Мың теңгемен* | **2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| ***Банктердегі қаражат*** | | |
| «Альянс Банк» АҚ | **8.622.231** | 8.781.000 |
| «Тұран Әлем Банкі» АҚ | **–** | 4.684 |
| «Астана Финанс» АҚ | **–** | 50.363 |
| | **8.622.231** | 8.836.047 |

**Негізгі басқарушы қызметкерлерге төленетін сыйақы**

Негізгі басқарушы қызметкерлерге Басқарма мүшелері, Топ департаменттерінің директорлары мен олардың орынбасарлары кіреді, олардың жалпы саны 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 36 адам (2013 жылғы 31 желтоқсанда: 35 адам). 2014 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда негізгі басқарушы қызметкерлерге төленген сыйақының жалпы сомасы 495.085 мың теңге (2013 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айда: 394.882 мың теңге) болды, тиісінше ол жалақы мен басқа да қысқа мерзімді сыйақылардан тұрды және жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есептің жалпы және әкімшілік шығыстар құрамына қосылды.

### 25. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Сот процестері мен шағымдары**

Топ әдеттегі қызметті жүзеге асыру барысында сот процестері мен шағымдарының объектісі болып табылады. Басшылық, түпкі міндеттеме, егер мұндай процестермен немесе шағымдармен байланысты орын алатын болса, Топтың келешекте шоғырландырылған қаржылық жағдайына да, қызметінің қаржылық нәтижелеріне дей айтарлықтай теріс әсер етпейді деп есептейді.

**Салық салу**

Қазақстандық салық, валюталық және кеден заңнамасы түрлі талқылауларға жол береді және жиі өзгеріп отырады. Топ басшылығының операцияларға және Топ қызметіне қатысты қолданылатын мұндай заңнаманы түсіндіруі тиісті органдармен даулануы мүмкін. Қазақстанда болған жуырдағы оқиғалар салық органдары заңнаманы түсіндіру және салық есептеулерін тексеру кезінде барынша қатаң ұстанымды алуы мүмкін екендігіне нұсқап отыр. Салдарынан, салық органдары бұрын шағым қоймаған мәмілелер мен есепке алу әдістері бойынша шағымдар қоя алады. Нәтижесінде, айтарлықтай қосымша салықтар, өсімпұлдар мен айыппұлдар есептелуі мүмкін. Салық тексерулері тексеру жылының алдындағы қызметтің 5 (бес) күнтізбелік жылын қамтуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда бұдан да ерте кезеңдер тексерілуі мүмкін.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 25. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Салықтық тексеру**

2012 жылғы 27 желтоқсанда Топ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінен 2007-2009 жылдар үшін жүргізілген салық тексеруінің нәтижесінде резидент еместерден қосымша КТС есептеу туралы хабарламасын алды. Резидент еместерден КТС пен 960.889 мың теңге және 643.606 мың теңге сомасындағы тиісті айыппұлдарды салық комитеті есептеді. 2013 жылғы 11 ақпанда Топ салықтық тексерудің нәтижелері туралы хабарламаға шағым түсірді, бұған 2014 жылғы 23 ақпанда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінен бұл хабарламаны шақыртып алу туралы Шешімі түсті. 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қосымша есептелген барлық сомалардың күші жойылды.

«Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына (бұдан әрі – «Жарлық») және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының газ көлік жүйесінің негізгі активтері күйіндегі республикалық мүлік 2013 жылғы 31 шілдедегі айырбас шарты бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қор») меншігіне берілуі тиіс. Қорға газ көлік жүйесінің активтерін беру үшін Концессия шартының тоқтатылуы қажет. Қазіргі уақытта Концессия шартын бұзуға арналған еурооблигацияларды ұстаушылардың (кредиторлардың) келісімін алу процедурасының басталуына байланысты ИОА уәкілетті органдарының корпоративтік шешімдері қабылдануда.

**Қоршаған ортаны қорғау мәселелері**

Топ түрлі заңдарды және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ережелерді сақтауы тиіс. Басшылық Топ қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты Үкіметтің талаптарын орындайды деп есептейді.

2012 жылғы 22 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының магистральды құбырлары туралы» заңға (бұдан әрі «Заң») қолын қойды.

Заңға сай ұлттық операторлар мен құбырлардың меншік иелері газ құбырлары пайдаланудан шығарылғаннан кейін газ құбырларын жою және қоршаған ортаны қалпына келтіру бойынша іс-шараларды жүргізуге міндетті. Топ басшылығы Заң Топқа толығымен қолданыла алмайды деп есептейді, өйткені Топ барлық магистральды газ құбырларының меншік иесі болып табылмайды. Барлық магистральды газ құбырларына қатысты Топ Концессия шартының талаптарына сәйкес қызметті жүзеге асырады және оның тиісті міндеттемелері жоқ.

Дегенмен, 2014 жылдың 30 маусымына Топ Концессия шартынан тыс Топтың меншігіндегі газ құбырларын жою және қоршаған ортаны қалпына келтіру бойынша 906.912 мың теңге сомасына резервтерді есептеді.

## 26. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ САЯСАТЫ

**Қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаттары мен саясаты**

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелеріне қарыздар, шығарылған борыштық бағалы қағаздар, сауда және басқа да кредиторлық берешек, Концессия шарты бойынша қаржылық кепілдік пен міндеттемелер шарттары кіреді. Мұндай қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты Топтың операцияларын қаржыландыру және оның қызметін қолдау үшін кепілдіктер беру болып табылады. Топтың оның операциялық қызметінің барысында тікелей туындайтын қарыздары, сауда және басқа да дебиторлық берешегі, ақша қаражаты мен банк салымдары бар.

Топ нарықтық тәуекелге, несиелік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырағыш.

Қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаты мен саясаты (жалғасы)

Топ басшылығы мұндай тәуекелдерді басқару процесін бақылайды. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті Топ басшылығына қаржы тәуекелдеріне және Топтың қаржы тәуекелдерін басқарудың тиісті тұжырымдамасына қатысты кеңес береді. Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті Топ басшылығына қаржы тәуекелдеріне байланысты Топ қызметі тиісті саясатқа және рәсімдерге сай жүзеге асырылатындығына көз жеткізуге көмектеседі.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 26. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

### Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Нарықтық бағаға тәуекелдің екі түрі кіреді: пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі және валюталық тәуекел. Нарықтық тәуекелге ұшырағыш қаржы құралдарына қарыздар мен депозиттер кіреді.

Келесі бөлімдердегі сезімталдылық талдауы 2014 жылғы 30 маусымдағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы позицияларға жатады.

Сезімталдық талдауы таза берешек сомасы, берешек бойынша құбылмалы пайыздық мөлшерлемелерге тіркелген пайыздық мөлшерлемелердің ара қатынасы, сондай-ақ шетел валютасындағы қаржы құралдарының үлесі тұрақты өлшемдер болып табылады деген жорамалдың негізінде дайындалды.

*Пайыздық мөлшерлемелерге байланысты тәуекел*

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі, ең алдымен, Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар борыштық міндеттемелеріне жатады.

Топ саясатында қарыздар бойынша тіркелген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару көзделген.

Келесі кестеде Топтың салық салығы салынғанға дейінгі пайдасының (қарыздар бойынша құбылмалы пайыздық мөлшерлемеге ықпалы арқылы) пайыздық мөлшерлемедегі ықтимал өзгерістерге деген сезімталдығы келтірілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Топтың капиталына әсер ету жоқ.

| *Мың теңгемен* | Базистік тармақтардағы ұлғаю/азаю | Салық салғанға дейінгі пайдаға ықпал ету |
|---|---|---|
| **2014 жылғы 30 маусым** | | |
| **АҚШ доллары** | **+3,1** | **16.345** |
| | **-3,1** | **(16.345)** |
| 2013 жылғы 31 желтоқсан | | |
| АҚШ доллары | +3,1 | 1.439 |
| | -3,1 | (1.439) |

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдықты талдау шеңберінде базалық тармақтардағы өзгерістер туралы жорамалдар осы сәтке байқалатын нарықтық жағдайға негізделеді.

*Валюталық тәуекел*

Валюталық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны шетел валюталары бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. АҚШ долларында көрсетілген қарыздардың едәуір сомалары мен кредиторлық берешектің нәтижесінде Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбас бағамдарындағы өзгерістер айтарлықтай ықпалын тигізе алады. Топ сондай-ақ шетел валютасындағы мәмілелер бойынша тәуекелге ұшырағыш. Мұндай тәуекел АҚШ долларындағы кірістер бойынша туындайды.

Келесі кестеде Топ пайдасының салық салынғанға дейінгі АҚШ долларының айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге (ақша активтері мен міндеттемелерінің әділ құнындағы өзгерістердің салдарынан), барлық басқа өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Топтың капиталына әсер ету жоқ.

| *Мың теңгемен* | АҚШ доллары бағамының ұлғаюы/азаюы | Салық салынғанға дейін пайдаға әсері |
|---|---|---|
| **2014 жылғы 30 маусым** | | |
| **АҚШ доллары** | **+1,72%** | **172.614** |
| | **-1,72%** | **(172.614)** |
| 2013 жылғы 31 желтоқсан | +30% | (29.065.549) |
| АҚШ доллары | +10% | 9.688.850 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 26. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

### Кредиттік тәуекел

Несиелік тәуекел – қаржы құралы бойынша бір жақ міндеттемені орындай алмай, басқа тарапты қаржылық шығын көтеруге мәжбүр ететін тәуекел. Топ өзінің операциялық қызметінің және инвестициялық қызметтің кейбір түрлерінің нәтижесінде несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді. Инвестициялық қызметке қатысты болса, Топ қазақстандық банктерде депозиттерді орналастырады (*8 және 9-ескертпе*). Топ басшылығы төтенше несиелік тәуекелдерді болдырмау мақсатында осы банктердің несие рейтингін мерзімді қарастырады. Топ басшылығы жақындағы халықаралық несиелік дағдарыс пен одан кейін болған жергілікті банктердің несиелік рейтингілерінің өзгерістері төтенше несиелік тәуекелді ақтамайды деп санайды. Тиісінше, банк депозиттері бойынша құнсыздануға қор керек емес.

Келесі кестеде «Standard&Poors», «Fitch Ratings» және «Thomas Murray» агенттіктерінің несие рейтингін қолдана отырып есепті күнге ақша қаражаты мен банк салымдары бойынша сомалар көрсетілген.

| *Мың теңгемен* | **Орналасқан жері** | **2014 жылғы 30 маусым** | | 2013 жылғы 31 желтоқсан | | **Рейтинг** | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | **2014 жыл** | 2013 жыл |
| «RBS» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **A-/теріс** | Standard& Poors | A-2 | **12.602.298** | 195.573 |
| «Центркредит Банкі» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **B+/тұрақты** | Fitch Ratings | B+/тұрақты | **11.715.389** | 1.146.440 |
| «Цесна Банк» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **B+/тұрақты** | Standard& Poors | B/оң | **10.846.206** | 1.302.562 |
| «Темірбанк» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **B/тұрақты** | – | – | **10.142.581** | – |
| «Қазақстанның Халық банкі» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **BB/тұрақты/B** | Standard& Poors | BB/тұрақты | **9.774.358** | 7.669.500 |
| «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **B/оң** | – | – | **9.267.255** | – |
| «Альянс Банк» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **D** | Standard& Poors | CCC-/Negative | **8.622.231** | 8.781.000 |
| «АТФ Банк» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **B-/тұрақты** | Fitch Ratings | B-/тұрақты | **5.965.172** | 4.677.363 |
| «Ситибанк» Қазақстан АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **A /тұрақты** | Standard& Poors | BBB- | **1.815.188** | 325.321 |
| «Delta Bank» | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **B/тұрақты** | Standard& Poor's | B/тұрақты | **1.510.333** | 1.098.903 |
| «HSBC Банк Қазақстан» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **BBB/тұрақты** | Standard& Poors | BBB/тұрақты/A-2 | **1.072.440** | 298.758 |
| ING Bank | Нидерландтар | **Moody's** | **A2/теріс** | Moody's | A2/теріс | **405.924** | 343.472 |
| «Еуразиялық Банк» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **B+/оң/B** | Standard& Poors | B+/теріс | **288.916** | 2.798.390 |
| «Тұран Әлем Банкі» АҚ | Қазақстан | **Баға белгілеуі жоқ** | **Баға белгілеуі жоқ** | Standard& Poors | Қайтарылып алынды | **254.486** | 4.684 |
| «Сбербанк России» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **BBB-/тұрақты** | Fitch Ratings | Ba2/тұрақты | **58.314** | 144.900 |
| «Қазкоммерцбанк» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **B/тұрақты** | Standard& Poors | BC/ тұрақты | **52.298** | 318.094 |
| «Нұрбанк»АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **B/тұрақты** | – | – | **45.449** | – |
| «ВТБ Банк» АҚ | Қазақстан | **Fitch Ratings** | **BBB-** | – | – | **43.688** | – |
| «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ | Қазақстан | **Thomas Murray** | **A/оң** | – | – | **22.224** | – |
| «Каспий Банк» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **BB-/тұрақты** | Standard& Poors | BB-/тұрақты | **2.762** | 31.394 |
| «Альфа Банк» АҚ | Қазақстан | **Standard& Poor's** | **B+/тұрақты/B** | Standard& Poors | B+/тұрақты | **1.668** | 853 |
| «Астана-Финанс» АҚ | Қазақстан | **–** | **–** | Баға белгілеуі жоқ | Баға белгілеуі жоқ | **–** | 50.363 |
| «Сенім-Банк» АҚ | Қазақстан | **–** | **–** | Standard& Poors | B+/теріс | **–** | 912.675 |
| | | | | | | **84.509.180** | 30.100.245 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 26. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

Операциялардың қолданыстағы деңгейі кезінде басшылық Топ несиелік бақылаудың және өнеркәсіптік тұтынушылар мониторингінің тиісті рәсімдерін белгіледі деп есептейді, бұл Топқа танылған, несиені төлеуге қабілетті үшінші тараптармен сауда операцияларын жасауға мүмкіндік береді. Топ қолдағы дебиторлық берешекке тұрақты мониторинг жасап отырады, соның нәтижесінде үмітсіз берешектің пайда болу тәуекелі елеусіз болып табылады. Несиелік тәуекелдер дербес құнсыздану рәсімінен өтеді. Несиелік тәуекелдердің шоғырлануы негізінен негізгі шоттарға, атап айтқанда халықаралық клиенттерге жатады.

Ақша қаражаты мен олардың баламалары, пайызсыз қарыздар және өзге де дебиторлық берешек кіретін Топтың өзге де қаржы активтері бойынша туындайтын несиелік тәуекелге қатысты Топтың несиелік тәуекелге ұшырағыштығы қарсы агент дефолтының нәтижесінде туындайды, ал тәуекелдің ең көп мөлшері мұндай құралдардың баланстық құнына тең болады.

Барынша жоғары несиелік тәуекел *11, 12, 13-ескертпелерде* ашылып көрсетілгендей Баланстық құны болып табылады, байланысты тараптардан алынуға жататын пайызсыз қарыздардың баланстық құны қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ашылып көрсетілген.

**Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – Топтың қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерді өтеуге арналған қаражатты алу кезінде қиындықтардың пайда болу тәукелі. Өтімділік тәуекелі оның әділ құнына жақын бағасы бойынша қаржы активін жылдам сату мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Топ өтімділік қаражатындағы мұқтаждықты үнемі қадағалап отырады және басшылық кез келген болатын міндеттемелерді орындауға жеткілікті болатын көлемде қаражаттың болуын қамтамасыз етеді.

Келесі кестеде 2014 жылғы 30 маусымдағы және 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігіндегі Топтың қаржылық міндеттемелері көрсетілген.

| *Мың теңгемен* | Талап етілгенге дейін | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан артық | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2014 жылдың 30 маусымына** | | | | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | – | – | 1.130.809 | 107.200.002 | – | 108.330.811 |
| Пайыздық қарыздар | 4.335.797 | 9.051.952 | 47.164.882 | 8.140.004 | 7.005.174 | 75.697.809 |
| Төленуге жататын ұзақ мерзімді вексельдер | – | – | 3.538.661 | – | – | 3.538.661 |
| Сауда және басқа да несиелік берешек | 21.465.509 | 13.311.631 | 139.574 | 81.313 | – | 34.998.027 |
| | 25.801.306 | 22.363.583 | 51.973.926 | 115.421.319 | 7.005.174 | 222.565.308 |

| *Мың теңгемен* | Талап етілгенге дейін | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан артық | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2013 жылдың 31 желтоқсанына** | | | | | | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | – | – | 675.692 | – | 82.527.839 | 83.203.531 |
| Пайыздық қарыздар | – | 15.708.960 | 16.011.760 | 3.104.240 | 4.323.398 | 39.148.358 |
| Төленуге жататын вексельдер | – | – | – | 3.538.661 | – | 3.538.661 |
| Сауда және басқа да несиелік берешек | 25.376.196 | 15.530.650 | 266.049 | 85.849 | – | 41.258.744 |
| | 25.376.196 | 31.239.610 | 16.953.501 | 6.728.750 | 86.851.237 | 167.149.294 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 26. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

### Капиталды басқару

Капиталды басқаруға байланысты Топтың негізгі мақсаты тұрақты несие төлеу қабілетін қамтамасыз ету және Топ қызметін жүргізу үшін капиталдың барабар деңгейі мен акционерлердің пайдасын барынша көбейту.

Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Топ өз капиталын басқарады. 2013 жылмен салыстырғанда Топтың жалпы стратегиясы өзгеріссіз қалды.

Топ капиталының құрылымы *11 және 12-ескертпелерде* ашылып көрсетілген банк қарыздары мен борыштық міндеттемелер кіретін берешектен және бұл *10-ескертпеде* ашылып көрсетілгендей шығарылған капитал мен бөлінбеген пайда кіретін меншікті капиталдан тұрады.

Топ басшылығы әр жарты жыл сайын капитал құрылымын талдайды. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Топтың 1.5 аспайтын капиталға қарыз қаражаты үлесінің мақсатты коэффициенті бар.

Қарыз қаражаты үлесінің капиталға коэффициенті жыл соңына былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2014 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген) | 2013 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 108.330.811 | 83.203.531 |
| Банк қарыздары | 75.697.809 | 39.038.999 |
| Төленуге жататын вексельдер | 3.538.661 | 845.493 |
| **Берешек жиыны** | **187.567.281** | **123.088.023** |
| **Капитал** | **401.806.454** | **434.635.865** |
| **Меншікті капиталға қарыз капиталының қатынасы** | **0,47** | **0,28** |

### Қаржы құралдарының әділ құны

Бұдан әрі Топтың барлық қаржы құралдарының баланстық құны мен әділ құны бойынша бөле отырып салыстыру берілген:

| | Теңгерімдік құны | | Әділ құны | |
|---|---|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | 2014 жылғы 30 маусым | 2013 жылғы 31 желтоқсан | 2014 жылғы 30 маусым | 2013 жылғы 31 желтоқсан |
| *Қаржы активтері* | | | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | 24.622.080 | 10.532.914 | 24.622.080 | 10.532.914 |
| Банктердегі салымдар | 55.773.243 | 17.311.815 | 55.773.243 | 17.311.815 |
| Сауда және өзге де дебиторлық берешек, нетто | 45.034.793 | 47.587.681 | 45.034.793 | 47.587.681 |
| Байланысты тараптарға берілген пайызсыз қарыздар | 15.957.980 | 57.101 | 15.957.980 | 57.101 |
| Пайдалануда шектелген ақша қаражаты | 4.154.052 | 2.557.997 | 4.154.052 | 2.557.997 |
| *Қаржылық міндеттемелер* | | | | |
| Сауда және басқа да несиелік берешек | (34.998.027) | (41.258.744) | (34.998.027) | (41.258.744) |
| Өзгермелі мөлшерлемесі бар қарыздар | (52.726.388) | (4.640.340) | (52.726.388) | (4.640.340) |
| Тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздар | (22.846.405) | (34.508.018) | (22.846.405) | (34.508.018) |
| Борыштық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелер | (108.330.811) | (83.203.531) | (116.204.259) | (89.846.671) |
| Төленуге жататын вексельдер | (3.538.661) | (845.493) | (3.538.661) | (845.493) |

Тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздардың әділ құны қалыптасқан пайыздық мөлшерлемелер бойынша ақша қаражатының күтілетін болашақтағы ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

### 27. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

**Газды тасымалдау тарифі**

2001 жылғы 25 желтоқсандағы «Теңізшевройл» ЖШС-пен жасалған шартқа 2014 жылғы 9 шілдедегі түзетуге сәйкес газды тасымалдау тарифі 100 километрге 1.000 текше метр үшін 2,8 АҚШ долларынан 3,00 АҚШ долларына дейін өсті.

**Шығарылған борыштық бағалы қағаздар мен пайыздық қарыздар бойынша міндеттемелерді өтеу**

2014 жылғы 11 шілдеде Компания өтеу кестесіне сай «Ситибанк Қазақстан» АҚ-нан алынған 3.829.854 мың теңге сомасындағы қарыз бойынша негізгі борышты өтеді.

2014 жылғы 1 шілдеде Компания 323.593 мың теңге мөлшерінде облигациялардың 1-ші шығарылымының проспектісіне сай облигациялар бойынша купондық сыйақыны төледі.

**«ҚырҚазГаз» ЖШҚ-дағы қатысу үлесін сатып алу**

«ҚырҚазГаз» ЖШҚ-мен 2014 жылғы 17 шілдеде жасалған сатып алу-сату шартына сәйкес Компания «ҚырҚазГаз» ЖШҚ бірлескен кәсіпорнының жарғылық капиталында 50%-дық үлесті сатып алып, осылайша кәсіпорынның жалғыз акционеріне айналды. Сатып алу құны 15.000 АҚШ долларын құрады.